

Бекітемін
ЖШС «Адема-Аделия» б/б меңгерушісі
_____М.Муталиева

**«Адема-Аделия» бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңесінің
2024-2025 оқу жылына арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

№	Тақырыптар	Уақыты	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу, бекіту. Қамқоршылық кеңес отырысының тақырыптарын бекіту.	Қазан	Меңгеруші
2	Аз қамтамасыз етілген отбасылар, қамқорға алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру, тәрбиешілермен бірлескен жұмыс	Қараша	Әдіскер
3	Жаңа жылдық іс-шараларды дайындау және өткізу мәселерін талқылау, безендіру, сатып алуға демеушілерді ұйымдастыру. Жағдайы төмен отбасылардың балаларына жаңа жылдық сыйлықтар әзірлеуге ықпал ету	Желиоқсан	Әдіскер, психолог
4	Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау үшін жағдайлар жасау, тамақтың сапасын бақылау.	Қаңтар	Медбике
5	Бюджеттен тыс шағын кәсіпкерлерді тарату, оларды пайдалану жолдарын қарастыру	Ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер
6	Балабақшадағы «Әз Наурызым-армысың» мерекесінің салтанатты түрде атап өту шараларының барлығына атсалысу	Наурыз	Әдіскер
7	Балабақшаның аумағын көркейту, абаттандыру жұмыстарын жалғастыру	Сәуір	Шаруа меңгерушісі
8	Балабақшаішілік конкурстар, байқаулар өткізуге көмек көрсету, төрағалық ету	Жыл бойы	әдіскер
9	Балабақша бітуші түлектерінің «Қош бол, алтын ұям», «Біз бақытты балдырған» мерекесін өткізу, ұйымдастыру мәселесін талқылау. Демеушілер көмегінің есебінен балалар мерекесіне сыйлықтар ұйымдастыру	Мамыр-маусым	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі

Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы

15.10.2023 ж

Күн тәртібі:

1. Балабақшада қамқоршылық ұйымының тиімділігі
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.
3. Қамқоршылық кеңес құрамын сайлау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Муталиева сөз алып, Қамқоршылық кеңесінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы №355 бұйрығымен өзгерістер мен толықытыруларды айта келіп, қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы толық ақпарат берді. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы арту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді. Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығы мен сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады. Қамқоршылық кеңестің хатшысы білім беру ұйымдарын қызметкерлері арасынан тағайындалады және ол Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің дайындығын, өткізілуін, материалдар мен отырыс хаттамасының рәсімделуін қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымы жыл сайын жылдың қорытындысы бойынша сол білім беру ұйымының интернет-ресурсында уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органының өзінің интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатының пайдаланылуы және қозғалысы туралы жұртшылыққа ақпарат бере алатындығы айтылды.

Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер:
білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге әлеуметтік қолдау көрсетуге;
білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;
спортты дамытуға, дарынды балаларды қолдауға;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға шығыстарды жүзеге асыруға.

Білім беру ұйымы жыл сайын қаржылық жылдың қорытындысы бойынша сол білім беру ұйымының интернет-ресурсында тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органының өзінің интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатының пайдаланылуы және қозғалысы туралы жұртшылыққа ақпарат береді.

Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

Тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша;
білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі:

өз бастамасы бойынша;

отырыстарда себепсіз қатарынан үш рет болмауы себепті Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылады.

Тыңдалды: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша кеңес мүшелері бірауыздан: Г.Құралбаева **Қамқоршылық кеңес хатшысына сайланды.**

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша қамқоршылық төрайымы жұмыс жоспарымен таныстырды, ал отырыс мүшелері болса осы жұмыс жоспарымен келісті. Жұмыс жоспары бекітілді.

Қаулы:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығын басшылыққа алып, жұмыс жасауына жауапты Қамқоршылық кеңес төрайымы Қанатбек Мария
2. Қамқоршылық кеңесі тағайындалған жаңа құрамымен өз жұмыстарын алға қойып, қамқорлық жұмыстарының жандануына атсалыссын.

Кеңес төрайымы :

Хатшы:

М.Қанатбек

Г.Құралбаева

Қамқоршылық кеңестің отырысы
Хаттама №2

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.
2. Оқу жылына арналған жұмыс жоспары, қойылған міндеттер мен мақсаттар.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшасының меңгерушісі м.Муталиева сөз алып, мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мәселесіне тоқталды. Балаларды балабақшаға «Balabaqha sitsen.kz» порталы арқылы қабылданатынын, ол порталға еркін барлық ата-ана кіріп, өз балаларын кезекке қоя алатындарын айтты. Бірінші бес қадамды толтырғанда Республикалық гугл порталынан балаға кезекке қойған реттік саны келетінін, содан соң жеке кабинет ашып қала бойынша кезекке қоятындықтарын, балабақшада бос орын тастаған кезде сол орынды портал арқылы алатындықтарын айтып өтті. Балаға бос орын бір күн бұрын түседі, ертеңіне сол орынды ата ана кезекті реттік саны жетіп тұрса ала алады. Сонымен қатар көп балалы ата-аналарға, педагог мамандарына, әскери қызметтегілерге, мемлекеттік қызметтегілерге, ата ана немесе балаларының бірі мүгедектігі бар адамдарға жеңілдік бар екенін, бірақ оған анықтама өткізіп, қалалық білім басқармасы растау керектігін айтты. Содан соң барлық Қамқоршылық кеңес мүшелері «Balabaqha sitsen.kz» порталына кіріп көріп, бақылап отырды.

Жарыс сөздер :

-Әрине, заман талабына сай жасалған порталға әрбір ата ана кіріп, өз бүлдіршіндерін жолдама алу үшін кез келген есікті сығаламай баласының жасы жетіп тұрса ала алады екен.

-Жақсы ойланып іске алынған дүние екен.

-Ата-ана ешкімге тәуелді болып, балаларын өздері қалаған балабақшаға бере алады екен, ол үшін менің түсінігім бойынша кезекке қоюлары керек сияқты. Ертерек кезекке қойса, ертерек ала алады екен.

Тыңдалды: Екінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесі **Ж.Сулеева.** балабақша алдына қойған жылдық міндеттері мен мақсаттарына жетуде, оны

әрбір тәрбиешінің ата-аналарының қарым қатынасынан көруге болады, балаларға үй тапсырмаларын беріп, бақылап отырады. Мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктер, семинарлар өтіліп отырады.

Қаулы:

1. Балаларды балабақшаға қабылдау портал арқылы жүргізілсін.

Жауапты: балабақша әкімшілігі

2. Балалардың денсаулығы мен өмірін сақтау мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар күнделікті жоспар бойынша жүргізіліп отырсын.

Жауапты: педагогикалық ұжым

Қамқоршылық кеңесінің төрайым
Хатшы:

М.Қанатбек
Г.Құралбаева

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама №3

Күн тәртібінде:

1. Балабақша балаларының тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау
2. Науқастану және сауықтыру жұмыстарының іс шараларының жүргізілуі.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша Қамқоршылық кеңес мүшесі

Манирова Б сөз алып, алғашқы сұрақ бойынша қысқаша мәлімет берді. Балабақша асхана жұмысын бақылау мақсатында Қамқоршылық кеңес мүшелері келіп 3-4 рет келіп көргендерін, асхана тазалығы санитарлық нормаға сай екендігін, тамақ сапасы мен сертификаттарының бар екендігін айтып өтті. Және де асханадан балаларға тамақ белгіленген график бойынша таратылатынын, ас мәзірінде ешқандай ауытқу жоқ екендігін айтып кетті. Асхана қызметкерлерінің денсаулығын тексеретін журналдың бар екендігі, бөбекжай бақша қызметкерлерінің санитарлық кітапшалары бар, уақтылы өтіліп тұратын журналы бар.

Жарыс сөздер:

- Балабақшаға кіргеннен көрініп тұр ғой, таза екендігі, сол тазалық барлық топтар мен асханда сақталған.
- Ас мәзірі ата аналар үшін мөрленіп, тақтайшаға күнделікті ілініп тұрады.
- Мен асхана ас мәзірін оқып кеткен соң, үйге келген баламнан бүгін не тамақ ішкендігін сұраймын, салыстырамын ас мәзірі мен баламның жеген тамақ айырмашылығы болған емес, сосын вафли, печенье, алма, банан, кәмпит деп жазылған күндерді ұмытпай сұраймын, сол күні не ас мәзірінде жазылса сол тамақты беретіндеріне ризамын.

Тыңдалды: Екінші сұрақ бойынша атқарылып жатқан жұмыс түрлерін балаларымыздан біліп отырамыз, бүгін ана топпен жарыстық, мына топпен жарыстық деп айтып келіп отырады. Ал мерекелер белгіленген жоспар бойынша өтіледі және оған ата-ана болып не кигіземіз деп бас қатырмаймыз, өйткені балаларға мерекелік іс-шараға байланысты киім іздемейміз, мерекелік киімнің барлық түрін балабақша береді. Сауықтыру шаралары уақтылы өз дәрежесінде өтіледі деп Қамқоршылық кеңесінің мүшесі айтып өтті.

Жарыс сөздер:

- Балаларымыз риза, біз соған ризамыз. Ауру түрлері де өте аз

тіркелген. Ол деген сөз сауықтыру шараларының уақтылы, дер кезінде өтілуіне байланысты.

- Бөбекжай бақша меңгерушісінің өздері балалар үшін бар жағдайды жасап отыр, үлкен рахмет

Қаулы:

1. Балалар тамағы сапасын бақылап тұру.
2. Сауықтыру жұмысы одан әрі қарай жақсы нәтижелер көрсете берсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайым
Хатшы:

М.Қанатбек
Г.Құралбаева